

Әзінің туған жеріне, кіндік қаны тамған ауыл-аймағына, өсіп-өнген өңіріне жанашырлық танытып, жан шуағын түсіріп жүрген тұлғаларды біздің дәуіріміздің Атымтай жомарты десек, әбден орынды. Күні кешегі өтпелі кезең, әліара шақта да,

ніндей, Отан болашағын әріден ойлаудың айшықты мысалы, айқын көрінісі. Әрі академик-жазушы Сәбит Мұқановтың,

Туған жер еш нәрсе жоқ сенен ыстық,

Себебі, сенде туып, сенен ұштық, – деп жырлағанындай, туған жер алдындағы

– Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, академик Мәлік Шәлменұлы Шәлменов – тек біздің ауылдың ғана емес, бүкіл Қаратөбе ауданының ортақ мақтанышы. Мәлік ағаның ғылым саласындағы және қызмет бабындағы жетістіктері өз алдына бір төбе. Ол 1976 жылы Алматыдағы зооветери-



университетті логопед мамандығы бойынша тәмамдағасын туған ауылына оралып, оншақты жылдан бері өзі түлеп ұшқан алтын ұясында мамандығы бойынша қызмет істеуде. 2018 жылғы түлегіміз Дәурен Зейнуллин былтыр Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің химия факультетін тәмамдап, бүгіндері Жәңгір хан атындағы агротехникалық университеттің магистратурасында білім-білігін жетілдіруде. 2020 жылғы түлектеріміздің бірі Әділ Батырханов Астанадағы Л. Гумилев атындағы университетте химия-биология бағыты бойынша жоғары білім алуда. Ал Гүлжазира Құрмашева деген шәкіртіміз – мақтаулы дефектологтардың бірі. Өткен 2022-2023 оқу жылында профессор Шәлменовтің стипендиясын иеленген қос құрбының бірі Айзере Өтеген журналист болуды армандаса, ал Жангүлім Берікқызы дерт атаулыға дауа табар дәрігер болғысы келеді. Бұл қыз балалардың екеуі де 7-сынып оқушылары.

Ауыл балаларының қиялына қанат бітіріп, оларды жақсылыққа жетелеп, жасөспірім-көкөрім жеткіншектердің жарқын болашаққа деген сенімдерін нығайтқаны үшін Мәлік ағамызға ауыл-аймағымыздың үлкен-кішісі дән риза! – деп ағынан жарылды Қаратөбе ауданындағы Егіндікөл жалпы орта білім беретін мектептің оқу ісінің меңгерушісі, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Маржан Жайдәліева.

Академик Мәлік Шәлменовтің туған ауыл-аймағына жанашырлығы жаппай қолдау тауып, оның өміршен бастамасының көкжиегі кеңейіп, көптің қамын ойлап, елжұрттың жүгін көтерер тұлғаның бәріне жұғысты болсын дейміз!

**Бауыржан ӘЛЖАН,
Орал қаласы**

Ауылына жанашыр академик

қоғамдық формацияға қоса, меншіктік қатынастар күрт өзгеріп, ел ерге қарап, ер жерге қарап қалған қысылтаяң кезеңде де айналасындағы елжұртпен бүтін құртты бөліп, жарты құртты жарып жеген жаны жомарт, мінезі мәрт, көңілі кең, пейілі дархан жандар болды. Сірә, бұрынғылар «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» дегенді осындайда айтса керек.

Былай қарасаңыз, былтыр 75 жастың жотасына шыққан, біраз жыл білдей бір мекемені абыройлы басқарған, талай жылғы ғылыми ізденіс-бейнетінің зейнетін көріп, әуелі кандидаттық, сосын докторлық қорғап, профессор, академик атанған Мәлік Шәлменұлы Шәлменовтің ауылын «ұмытатындай» уақыт болды. Ал Мәлік ағамыздың туған ауыл-аймағының білімқұмар жеткіншектеріне өз қалтасынан ақша шығарып, шәкіртақы (стипендия) төлеп, жылдар бойы жасап келе жатқан қаржылай жанашырлығы ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұвтың «Балам» дейтін ел болмаса, «Елім» дейтін бала қалай қалыптассын?» деген

перзенттік парызды өтеудің өшпес өнегесі, үздік бір үлгісі деуге де әбден лайық. Бізбен әңгіме-дүкен құрған академик Шәлменовтің өзі ауыл-аймағына жақсылық жасау барысында жазушы Құрманғазы Қараманұлы мен өлкетанушы Қайыржан Хасанов сынды ауылдас ағаларынан үлгі-өнеге алғандығын тілгетіек етті.

– Бастапқыда шәкіртақыны зейнет жасына жеткенше, зейнеткерлікке шыққанша төлеймін деп ойлағанмын. Енді өзім бастаған жақсылықты өзім жарты жолда доғармай, соңғы демім шыққанша ауылымның сабаққа алғыр ұл-қыздарын қаржылай қолдай бермекпін, – дейді ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, академик М. Шәлменов.

Осы ағымдағы оқу жылының қарсаңында мен Мәлік ағайдың туған ауыл-аймағы Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылына барып, жергілікті жұртпен жүздесіп қайттым. Сол сапарымда аталмыш ауылдағы білім ұясында болып, мұғалімдерге қоса, оқушылармен де дидаласып, пікірлестім.

нариялық институтты тәмамдағаннан кейін жас маман ретінде туған өлкесіне оралып, Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринариялық стансасына аға ғылыми қызметкер болып орналасып, осы міндетті 11 жыл бойы мінсіз атқарды. Ал 1987-2006 жылдар аралығында Мәлік Шәлменұлы аталмыш мекеменің директоры ретінде абыройлы қызмет істеп, жемісті еңбек етті. Сондай-ақ ол қажырлы ізденісі мен жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1987 жылы кандидаттық диссертация қорғаса, 2009 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, ветеринария ғылымдарының докторы дәрежесіне қол жеткізді. Ал 2014 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшелігіне сайланып, академик атанды. Академик Шәлменов біраз жылдан бері Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университетінде ұстаздық қызмет атқарып, еліміздің экономикасының негізгі салаларының бірі ауыл шаруашылығы үшін білімді де білікті мамандар даярлау

ісіне зор үлес қосып келеді. Міне, осындай тұлғаның 2012 жылдан бері өзі оқыған Егіндікөл мектебінің оқушыларына жыл сайын 120 000 теңге шәкіртақы (стипендия) тағайындауы меніңше, бұл үлкен азаматтық! Шәкіртақылық қаржыны педагогикалық кеңес пен ата-аналар қауымдастығының өкілдері жылма-жыл қанша балаға қаншадан береді өзара ақылдасып шешеді. Ең бастысы, шәкіртақы алатын оқушының сабақ үлгерімі үздік, тәртібі үлгілі болуы шарт. Мұндай материалдық ынталандыру ауыл балаларын жақсылыққа жүйелі ұмтылуға, саналы тәрбие, сапалы білім алу бойынша тең құрбысының алды болуға құлшындыратыны айдан анық. Мәлік аға арнайы стипендия тағайындағалы бері 132 шәкіртіміз әлгіндей сый-құрметке лайық деп танылды. Академик Шәлменов атындағы шәкіртақыны иеленгендер әртүрлі мамандықтарды таңдауда. Мысалы, аталмыш мектептің 2012 жылғы түлектерінің бірі Арайлым Кәкімова Ақтөбе қаласындағы Ахмет Жұбанов атындағы